



Компания туралы



2018–2028 жылдарға арналған Даму стратегиясы



Электр энергиясы мен көмір нарығына шолу



Компания қызметіне қаржы-экономикалық шолу



Инвестициялық қызметті басқару



Сатып алуды басқару



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



Орнықты даму




Қосымшалар



# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## БАРЛЫҚ УАҚЫТТАҒЫ СЕНІМДІЛІК

### КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ



Компания тиімді корпоративтік басқарудың маңыздылығын толық сезінеді, сондықтан тиісті корпоративтік басқару «Самұрық-Энерго» АҚ-ның стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады.

Компанияның корпоративтік басқару жүйесі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары, «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері, Қазақстанда және әлемде дамып келе жатқан корпоративтік басқару тәжірибесін ескере отырып, Компанияның ішкі нормативтік құжаттары негізінде құрылады. Компанияның қолданыстағы корпоративтік басқару жүйесі Компанияның басқару органдары, лауазымды тұлғалары және қызметкерлері арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігін нақты ажыратуды, мәселелерді қарау мен шешімдер қабылдау тәртібінің иерархиясын сақтауды, сондай-ақ заңнамалар мен Компанияның ішкі құжаттарына сәйкестікті қамтамасыз етеді.



«Самұрық-Энерго» АҚ қызметінің тиімділігі ашықтықты, бақылауды арттыру мен өкілеттіктердің аражігін ажыратуды қамтамасыз ететін және уақтылы ден қою арқылы түрлі тәуекелдерді болдырмауға мүмкіндік беретін деңгейлердің әрқайсысында дұрыс құрылған корпоративтік басқару процестері есебінен жүзеге асырылады.

Компанияда корпоративтік басқару деңгейін жетілдіру мақсатында сыртқы тәуелсіз бағалау ұсынымдарына негізделген Компанияның корпоративтік басқаруын жетілдіру бойынша 2019–2021 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – КБЖ жоспары) жұмыс істейді.


КБЖ жоспарына мониторинг жүргізу тоқсан сайын жүзеге асырылады, оған қол жеткізу деңгейі НҚК ағашына енгізілген.

2020 жылдың қорытындысы бойынша КБЖ жоспарының орындалуы 2020 жылдың қорытындысы бойынша 86%-ды құрады.

## «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ



## ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



**2020 жылы Компанияның ұйымдық құрылымына төмендегідей өзгерістер енгізілді:**

Мемлекет басшысының компаниялардағы қызметкерлер санын қысқартуға қатысты тапсырмасын орындау аясында, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма Төрағасының компаниялардың ұйымдық құрылымдарын қайта қарау қажеттігі туралы 2020 жылғы 15 мамырдағы № 39-ө тапсырмасын орындау үшін Қоғамның Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен (№ 12/20 хаттама) жаңа ұйымдық құрылым бекітіліп, **2021 жылғы 1 сәуірден бастап** қолданысқа енгізілді:

- Қоғамның жалпы штат саны 19 бірлікке қысқарды (194-тен 175 бірлікке дейін);
- Құрылымдық бөлімшелердің саны 4 бірлікке қысқарды (31-ден 27 бірлікке дейін);
- CEO-2 деңгейіндегі қызметкерлердің саны (директорлар, басшылар, кеңесшілер) 37-ден 29-ға дейін қысқарды;
- CEO-3 деңгейіндегі қызметкерлердің саны (бөлім басшылары) 13-тен 0-ге дейін толық қысқарды.

**2021 жылы төмендегідей өзгерістер енгізілді:**

Сонымен қатар, корпоративтік басқару тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 4 мамырдағы шешімімен (№ 05/21 хаттама) Басқарма Төрағасының Орынбасары лауазымы енгізілді.



Компания туралы



2018–2028 жылдарға арналған Даму стратегиясы



Электр энергиясы мен көмір нарығына шолу



Компания қызметіне қаржы-экономикалық шолу



Инвестициялық қызметті басқару



Сатып алуды басқару



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



Орнықты даму



Қосымшалар



## Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелеріне сәйкестік

Компания 2020 жылы Компанияның ағымдағы қызметінің Кодекс қағидаттары мен ережелеріне нақты сәйкестігін бағалап, талдау жасады, оның нәтижелері компанияның Кодекстің негізгі қағидаттары мен ережелерінің сақталуын қамтамасыз еткенін көрсетеді. 2020 жылдың қорытындысы бойынша Кодекстің 64 ережесінің 59-ы сәйкес келсе, 5-еуі ішінара сәйкес келді. Сәйкессіздіктер «Үкімет Қордың акционері ретінде» және «Директорлар кеңесі мен Атқарушы органның тиімділігі» бөлімдерінде көрсетілді:

«Үкімет Қордың акционері ретінде» деген 1-тараудың 2-тармағы, оған сәйкес ұйымдар өз активтерінің құрылымын және олардың ұйымдық-құқықтық нысандарын барынша оңайлатуға ұмтылуы тиіс. Осылайша, «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобына түрлі ұйымдық – құқықтық нысандағы еншілес ұйымдар: акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер кіреді.

1. «Жекешелендірудің 2016–2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 қаулысын, сондай-ақ осыған байланысты Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссиясы мен «Самұрық-Қазына» АҚ уәкілетті органдарының «Самұрық-Энерго» АҚ-ны сату тәсілі мен стратегиясын, оның ішінде «Самұрық-Энерго» АҚ тобына кіретін компаниялардың периметрін бекіту мәселесі бойынша қабылдаған шешімдерін орындау шеңберінде компанияны сату жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру себепті, қазіргі кезде «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының, оның ішінде «Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарының ұйымдық-құқықтық нысандарының құрылымын өзгерту/оңайлату болжанбайды.

2. «Үкімет Қордың акционері ретінде» деген 1-тараудың 15-тармағы, оған сәйкес іскерлік этика қағидаттарын сақтау және ұйымда туындайтын әлеуметтік-еңбек дауларын оңтайлы реттеу мақсатында омбудсмен тағайындалады, ол жылына кемінде бір рет өзінің қызметінің нәтижелерін бағалайтын ұйымның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетіне және Аудит комитетіне жүргізілген жұмыстың нәтижелері туралы есеп береді. Осылайша, Іскерлік этика қағидаттарын сақтау және Компанияда туындайтын әлеуметтік-еңбек дауларын оңтайлы реттеу мақсатында 2019 жылғы 23 тамызда Компанияның Директорлар кеңесі «Самұрық-Энерго жергілікті кәсіподағы» ҚБ Төрағасы О.Т. Бекбасты өкілеттілік мерзімін 2020 жылғы 23 тамызға дейін белгілей отырып, Омбудсмен етіп сайлады және тағайындады (№ 07/17 хаттама). 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғам Омбудсменінің өкілеттік мерзімі аяқталды. Жаңа Омбудсменнің кандидатурасын сайлау туралы шешім қабылданған жоқ. Сондай-ақ, 2020 жыл ішінде Директорлар кеңесінің, Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің және Аудит комитетінің қарауына Омбудсменнің есептері енгізілмеген.

3. «Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі» деген 5-тараудың 5-тармағы, оған сәйкес Директорлар кеңесінің құрамында тәжірибесі, жеке сипаттамалары және гендерлік құрамы бойынша әртүрлілікті қамтамасыз ету қажет. Директорлар кеңесінің ағымдағы құрамы қажетті дағдылар, білім және құзыреттер бойынша әртүрлілікті қамтамасыз етеді, бірақ гендерлік құрам бойынша әртүрлілікті қамтамасыз етпейді.

4. «Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі» деген 5-тараудың 13-тармағы, оған сәйкес Директорлар кеңесі, ұйымның Директорлар кеңесінің комитеттері мен мүшелері ұйымның Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдалған процесс шеңберінде жыл сайынғы негізде бағалануға тиіс. Компанияда Директорлар кеңесінің 2019 жылғы қызметін бағалау «Самұрық-Қазына» АҚ жоспарлаған корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасына байланысты жүзеге асырылған жоқ. Алайда, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2020 жылғы 17 қыркүйектегі хатына сәйкес (№ 20-07-50.8/5050) корпоративтік басқару диагностикасы 2021 жылға ауыстырылды. Осыған байланысты, 2019–2020 жылдардағы қызметтің өзін-өзі бағалауы 2021 жылғы 1-2 тоқсанда жүргізілетін болады.

5. «Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі» деген 5-тараудың 18-тармағы, оған сәйкес Директорлар кеңесі Атқарушы органның басшысы мен мүшелерін сайлайды, олардың өкілеттік мерзімдерін, лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбегіне ақы төлеу шарттарын айқындайды, сондай-ақ атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің өкілеттіктерін тоқтатады. Компанияның Жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесі Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындайды, Басқарма мүшелерін сайлайды, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады (Басқарма Төрағасын қоспағанда).

«Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма Төрағасын тағайындау (сайлау) және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату мәселесі Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған. Корпоративтік басқару кодексі «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді, соған сәйкес оны Жалғыз акционер реттейді.

Компания корпоративтік басқарудың ұлттық және әлемдік стандарттарын ұстанудың маңыздылығын мойындай отырып, алдағы уақытта да барлық мүдделі тараптар тарапынан сенімнің жоғары деңгейін қолдау және бизнестің орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін корпоративтік басқару жүйесін жоспарлы түрде дамытуға ниетті.

Корпоративтік басқару тәжірибесінің Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелеріне сәйкестігі туралы толық есеппен мына сілтеме бойынша толық көлемде таныса аласыз: <https://www.samruk-energy.kz/ru/shareholder/other-statements>

## АКЦИОНЕР

«Самұрық-Энерго» АҚ акцияларының 100%-ы Жалғыз акционер – «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі ([www.sk.kz](http://www.sk.kz)).

Жалғыз акционермен өзара қарым-қатынас жасау оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мен құрметтеуді қамтамасыз етуден тұрады және адалдыққа, есептілікке, жауапкершілік пен ашықтыққа негізделген.

Жалғыз акционер қызметтің басым міндеттері мен стратегиялық бағыттарын белгілей отырып, Компанияны басқарады.

Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыру «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Самұрық-Энерго» АҚ Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады. Акционерлердің құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамаларында, Компанияның Жарғысында және ақпаратты ашу саласындағы ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен шешім қабылдау үшін жеткілікті ақпаратты уақтылы алуды; өз құзыретіндегі мәселелер бойынша дауыс беруді; Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындауды, оның мүшелерін сайлауды, олардың өкілеттіктерін тоқтатуды, сондай-ақ сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындауды; айқын және ашық дивидендтік саясат негізінде дивидендтер алуға қатысуды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді. Жалғыз акционер қызметтің басым міндеттері мен стратегиялық бағыттарын белгілеу арқылы Компанияны басқаруды қамтамасыз етеді.

### Акционерлік капиталдың құрылымы

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің 09.06.2020 ж. шешімін орындау мақсатында 2020 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ Жалғыз акционері белгіленген тәртіппен басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру арқылы 125 дана акция орналастырылды.

### Жалғыз акционердің Шешімдеріне сәйкес төленген дивидендтердің мөлшері

Кезең	Сомма
2020 ж. (2019 ж. нәтижелері бойынша)	3 066 231 000
2019 ж. (2018 ж. нәтижелері бойынша)	2 041 000 000
2018 ж. (2017 ж. нәтижелері бойынша)	2 041 000 000

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарияланған бағалы қағаздар саны 8 602 187 данаға жетті, орналастырылған бағалы қағаздар саны – 5 601 812 дана. Бір жай акцияның номиналдық құны 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 10 000 теңгені құрады.

Бір жай акцияның баланстық құны 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 86 937 теңгені құрады.

Бір акцияның пайдасы 1 429 теңгені құрады.

### Дивидендтік саясат

Компанияда «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2012 жылғы 2 қазандағы шешімімен бекітілген (№ 39/12 хаттама) еншілес ұйымдарға қатысты «Самұрық-Қазына» АҚ-ның дивидендтік саясаты жұмыс істейді.

Дивидендтік саясат мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) Жалғыз акционердің мүдделерін сақтау;
- 2) Компанияның ұзақ мерзімді құнын арттыру;
- 3) Компанияның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- 4) Компания қызметін қаржыландыруды, оның ішінде Компания есебінен іске асырылатын инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз ету;
- 5) дивидендтер мөлшерін анықтау тетіктерінің ашықтығы;
- 6) Жалғыз акционердің қысқа мерзімді (кіріс алу) және ұзақ мерзімді (Компанияның дамуы) мүдделерінің теңгерімділігі.

Дивидендтер мөлшері Компанияның Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес дайындалған жылдық аудит жүргізілген қаржылық есептілігінде көрсетілген ұйымның таза кірісінің сомасына сүйеніп есептеледі.



## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Компанияға стратегиялық басшылық жасайды және атқарушы органның қызметіне бақылау жүргізеді.

Кеңес заңнамаға және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес өзінің Компания алдындағы міндеттерін, атап айтқанда, оның пікірінше, акционерлердің ең жақсы мүдделеріне және Компанияның ұзақ мерзімді орнықты дамуына сәйкес келетін шешімдерді қабылдау кезінде бизнестің табысты болуына жәрдемдесу міндетін әрқашан назарға алады.

Жоғары сапалы Директорлар кеңесі – біздің Стратегиямызды табысты іске асырудың кепілі, сондықтан теңгерім директорлар саны тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар тәжірибе, дағдылардың, білімнің және ойлау стилінің әртүрлілігі тұрғысынан да Кеңес құрамына қойылатын маңызды талап болып табылады.

Директорлар кеңесінің құрамында тәжірибе мен жеке басының мінездемелері бойынша әртүрлілік қамтамасыз етілген, алайда Директорлар кеңесінің құрамында әйелдердің болмауына байланысты Кеңестің гендерлік құрамы әркелкі емес.

2020 жылы Директорлар кеңесінің сандық құрамы 5 адамнан, оның ішінде 2 тәуелсіз директордан тұрды, бұл қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігін және барлық мүдделі тараптар мен Компанияның мүдделеріне сәйкес әділ қарым-қатынасты қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Тәуелсіз директорларды сайлаудың негізгі критерийі қандай да бір Тараптың ықпалынан тәуелсіз объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті деңгейде кәсібилік пен тәуелсіздікке ие болу болып табылады. Тәуелсіз директорлар Компанияда үздік әлемдік тәжірибе стандарттарын қолдану үшін тәжірибелері мен білімдерімен белсенді түрде бөліседі. Тәуелсіз директорлар-Директорлар кеңесінің комитеттерін басқарады және халықаралық басқару тәжірибесін енгізеді.

Тәуелсіз директорлар мүдделер қақтығысы болуы мүмкін мәселелерді талқылауға белсенді қатысады (қаржылық және қаржылық емес есептілікті дайындау, жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу, атқарушы органның құрамына кандидаттар ұсыну, атқарушы органның мүшелеріне сыйақы белгілеу). «Самұрық-Энерго» АҚ-ның тәуелсіз директоры тәуелсіздік мәртебесінің жоғалуы ықтималдығын қадағалайды.

## КОМПАНИЯНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



### АҚШОЛАҚОВ Болат Оралұлы

«Самұрық-Энерго» АҚ  
Директорлар кеңесінің  
төрағасы, Акционердің  
мүддесін білдіретін өкіл

**Азаматтығы:**  
Қазақстан Республикасы

**Туған жылы:**  
1971 жылғы 9 сәуір

**Бірінші сайланған күні:**  
2021 жылғы 26 сәуір

Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді  
**«Самұрық-Қазына» АҚ Активтерді басқару жөніндегі басқарушы директоры**

**Стратегиялық және корпоративтік басқару, экономика, қаржы, заңтану және аудит саласындағы сарапшы**

Кеңестің әрбір мүшесінің түйіндемесінің толық нұсқасымен мына сайтта танысуға болады: [www.samruk-energy.kz](http://www.samruk-energy.kz).

### ЕСІМХАНОВ Сұңғат Қуатұлы

Директорлар кеңесінің  
мүшесі, Басқарма Төрағасы

**Азаматтығы:**  
Қазақстан Республикасы

**Туған жылы:**  
1973 жылғы 30 қараша

**Бірінші сайланған күні:**  
2021 жылғы 12 сәуір

Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді

**Энергетика, стратегиялық жоспарлау, корпоративтік басқару, қаржы, нарықты дамыту және құқықтану саласындағы сарапшы**

### КРАВЧЕНКО Андрей Николаевич

Директорлар кеңесінің мүшесі

**Азаматтығы:**  
Қазақстан Республикасы

**Туған жылы:**  
1966 жылғы 19 шілде

**Бірінші сайланған күні:**  
2021 жылғы 26 сәуір

Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді

**«Самұрық-Қазына» АҚ Құқықтық сүйемелдеу және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директоры – Басқарма мүшесі**

**Стратегиялық жоспарлау, корпоративтік басқару, қаржы, нарықты дамыту және заңтану саласындағы сарапшы**

### Андреас СТОРЗЕЛ

«Самұрық-Энерго» АҚ  
Директорлар кеңесінің тәуелсіз  
директоры

**Азаматтығы:**  
Германия Федеративтік Республикасы

**Туған жылы:** 1963 жылғы 12 қазан

**Сайланған күні:**  
2019 жылғы 24 маусым

Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді

**Стратегиялық жоспарлау комитетінің төрағасы; Аудит комитетінің мүшесі, Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау комитетінің мүшесі**  
**Корпоративтік басқару, стратегия, қаржы, инвестициялар, бірігу және қосып алу саласындағы сарапшы**

Қосалқы атқаратын жұмысы және ДҚ-ге мүшелік:

- NEOM атқарушы директоры, Сауд Арабия.
- 2019 жылдан бастап – Grid & Infrastructure, innogy SE Бизнесті дамыту жөніндегі вице-президенті, Германия
- 2014–2018 жж. – innogy Middle East&North Africa бас директоры, Дубай, БАӘ

### Хоакин Галиндо ВЕЛЕЗ

«Самұрық-Энерго» АҚ  
Директорлар кеңесінің тәуелсіз  
директоры

**Азаматтығы:**  
Испания Корольдігі

**Туған жылы:**  
1957 жылғы 27 тамыз

**Сайланған уақыты:**  
2019 жылғы 24 маусым

Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді

**Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитетінің төрағасы, Тағайындаулар және сыйақы комитетінің төрағасы, Аудит комитетінің мүшесі; Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі**

**Стратегия, бизнесті басқару, өндіру, инжиниринг және құрылыс салалары бойынша сарапшы**



Компания туралы



2018–2028 жылдарға арналған Даму стратегиясы



Электр энергиясы мен көмір нарығына шолу



Компания қызметіне қаржы-экономикалық шолу



Инвестициялық қызметті басқару



Сатып алуды басқару



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



Орнықты даму



Қосымшалар



2020 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның тәуелсіз директорлары тәуелсіздік өлшемдеріне толық сәйкес келді.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 12 сәуірдегі шешімімен (№ 13/21 хаттама) «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып Есімханов Сұңғат Қуатұлы сайланды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 26 сәуірдегі шешімімен (№ 17/21 хаттама) «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі және оның төрағасы болып Ақшолоқов Болат Оралұлы сайланды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 26 сәуірдегі шешімімен (№ 17/21 хаттама) «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып Кравченко Андрей Николаевич сайланды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 26 сәуірдегі шешімімен (№ 17/21 хаттама) «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Алматы Күнжолұлы Жәмиевтің өкілеттігі тоқтатылды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2019 жылғы 24 маусымдағы шешімімен (№ 20/19 хаттама) 2020 жылғы маусымда «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Лука Сутераның өкілеттік мерзімі аяқталды.

2021 жылы корпоративтік басқару саласындағы үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес Компанияда Директорлар кеңесінің қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізілді. Өзін-өзі бағалау Компанияның мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің күшімен Компанияның Директорлар кеңесі бекіткен Корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесі, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы жетекші практика негізінде әзірленген Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің қызметін бағалау әдістемесі негізінде өткізілді.

Әдістемеге сәйкес, бағалау технологиясы Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесі Комитеттерінің барлық мүшелері арасында сауалнама жүргізуді қамтыды.

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау нәтижесі корпоративтік басқару практикасын одан әрі дамыту жөніндегі бағыттарды көрсетті. Атап айтқанда, персоналды дамыту, еншілес компанияларды басқару, Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастыру, Директорлар кеңесінің мүшелерін оқыту сияқты негізгі бағыттар айқындалды.

Жүргізілген бағалау қорытындысы бойынша Компанияның Директорлар кеңесі мен корпоративтік басқару қызметінің деңгейін арттыру мақсатында әлсіз жақтарды жоюға бағытталған практикалық іс-шаралар жоспары ұсынылды.

Бағалаудың жалпы рейтингі ықтимал 7 (AAA) ішінен 6 (AA) құрады, бұл дегеніміз:

Компанияның Директорлар кеңесі барлық маңызды аспектілерде барлық белгіленген критерийлерге сәйкес

келетінін және Директорлар кеңесінің тиімді жұмыс істейтіндігін жеткілікті деңгейде растап отыр.

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау нәтижесі корпоративтік басқару практикасын одан әрі дамыту жөніндегі бағыттарды көрсетті. Атап айтқанда, персоналды дамыту, еншілес компанияларды басқару, Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастыру, Директорлар кеңесінің мүшелерін оқыту сияқты негізгі бағыттар айқындалды.


Жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесін дамыту бойынша 2021–2022 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспары бекітілді.

Қызметтің үздіксіздігін қолдау және Директорлар кеңесінің құрамын прогрессивті жаңарту мақсатында Компанияда «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің Сабақтастық жоспары жұмыс істейді, оның ішінде жоспарды орындау бойынша Іс-шаралар жоспары да бар.

Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің мүшелігіне кандидаттарды ұсыну және іріктеу тәртібі, сондай-ақ тәуелсіздікті, кәсіби біліктілік пен тәжірибені қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, әралуандық факторларын ескере отырып, ұсыну мен іріктеу кезінде пайдаланылатын критерийлер Директорлар кеңесі туралы Ережеге, «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына, корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Көрсетілген құжаттар мүдделер қақтығысын болдырмау және оларды басқару үшін Директорлар кеңесі пайдаланатын рәсімдерді регламенттейді.

Компанияда Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін Кеңестің жаңадан сайланған мүшесіне өзінің құқықтарымен, міндеттерімен, компанияның қызметінің негізгі аспектілерімен және құжаттарымен, оның ішінде ең жоғары тәуекелдермен байланысты құжаттармен танысуға мүмкіндік беретін лауазымға бағыттау бағдарламасы бекітілді.

### Директорлар кеңесінің отырыстары



### Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуы

	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
<b>Жалпы статистика</b>	<b>95%</b>	<b>100%</b>	<b>100%</b>
Қарымсақов Бейбіт Еркінбайұлы	–	100%	100%
Лука Сутера*	100%	100%	–
Андреас Сторзел	100%	100%	100%
Хоакин Галиндо Велез	100%	100%	100%
Жәмиев Алматы Күнжолұлы	–	100%	100%
Жоламанов Бақытжан Төлеужанұлы	100%	100%	100%

\* 2020 жылғы 24 маусымға дейін (өкілеттіктерінің аяқталу мерзімі)

2020 жылы Компанияның Директорлар кеңесі 162 мәселені қарады. Директорлар кеңесін аса маңызды қаржылық және қаржылық емес проблемалар туралы хабардар ету рәсімі қолданыстағы заңнамаға және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес реттеледі. 2020 жылдың нәтижелері бойынша мұндай жағдайлар болған жоқ.



ларға төленген 2020 жылғы барлық сыйақы 187 707 АҚШ долларын немесе 76 937 592 теңгені құрады.

### Директорлар кеңесінің комитеттері


Кеңес өз атынан белгілі бір міндеттерді орындау үшін мәселелер мен қабылданатын шешімдерді неғұрлым терең зерделеу және сапалы пысықтау мақсатында тиімді жұмыс істеуі және тиісті назар аударуы үшін өз комитеттеріне өкілеттік береді.

Компанияда Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттер жұмыс істейді: Аудит комитеті, Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет, Стратегиялық жоспарлау комитеті, сондай-ақ Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет.

### Комитеттер бойынша отырыстарда қаралған мәселелер саны



### Директорлар кеңесі шешім қабылдаған мәселелер



- Корпоративтік басқару және Тәуекелдер
- Трансформациялау бағдарламасы
- Орнықты даму мәселелері, Комплаенс
- Еңбекті қорғау және қауіпсіздік, Экология
- Адам ресурстарын басқару
- Инвестициялар және инновациялар
- Қаржы мәселелері
- Стратегияны іске асыру

### Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін атқарғаны үшін Тәуелсіз директорлар жылдық тіркелген сыйақы алады.

Тәуелсіз директорға «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің және директорлар кеңесі комитеттерінің тәуелсіз директордың тұрғылықты жерінен тыс жерде өткізілетін отырыстарына баруға байланысты шығыстар (жол жүру, тұру, тәуліктік) өтеледі. Тәуелсіз директор-



Компания туралы



2018–2028 жылдарға арналған Даму стратегиясы



Электр энергиясы мен көмір нарығына шолу



Компания қызметіне қаржы-экономикалық шолу



Инвестициялық қызметті басқару



Сатып алуды басқару



**КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**



Орнықты даму



Қосымшалар



## Аудит комитеті

Комитет қызметінің мақсаты Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасаудың тиімді жүйесін белгілеуге қатысты мәселелерді тереңдете зерттеу үшін Директорлар кеңесіне жәрдем көрсету, оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығы, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқарудың сенімділігі мен тиімділігіне бақылау жасау, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуына бақылау жасау, сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау,

сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамаларының сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

### Комитет құрамы:

- Андреас Сторзел – Аға тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;
- Хоакин Галиндо – Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

### Аудит комитеті отырыстарының саны

	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Отырыстар саны	12	8	8
Тікелей нысанда	12	8	8
Сырттай нысанда	0	0	0
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%
2020 ж. қаралған мәселелер саны			66

## Негізгі қаралған мәселелер

Қаржылық есептілікті әзірлеу мәселелері бойынша атқарушы органмен, сыртқы аудиторлармен кездесулер өткізілді. Ішкі аудит қызметі, «Комплаенс» қызметі және «Тәуекел-менеджмент және ішкі бақылау» департаменті жұмыстарының мәселелері қаралды.

құрамын, Корпоративтік хатшыны, сондай-ақ басқа қызметкерлерді тағайындау және оларға сыйақы белгілеу мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеуді қамтамасыз етеді.

### Комитет құрамы:

- Хоакин Галиндо – Тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;
- Андреас Сторзел – Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;

## Тағайындаулар және сыйақы комитеті

Тағайындаулар және сыйақы комитеті Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңестік органы болып табылады, ол Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелерін, Басқарма

### Тағайындаулар және сыйақы комитеті отырыстарының саны

	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Отырыстар саны	12	8	9
Тікелей нысанда	12	8	9
Сырттай нысанда	0	0	0
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%
2020 ж. қаралған мәселелер саны			45

## Негізгі қаралған мәселелер

Есептік мерзім ішінде Директорлар кеңесіне «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша Байқаушы кеңес/Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау мәселелеріне қатысты ұсыныстар берілді. Компанияның Тәуекелдер және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директорын қызметке тағайындау туралы, Дамыту және сату жөніндегі басқарушы директордың лауазымдық сипаттамасы мен оны бағалауды (Job description) бекіту

туралы, Компанияның жаңа редакциядағы ұйымдық құрылымын бекіту туралы ұсыныстар берілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма мүшелері, Ішкі аудит қызметінің жетекшісі және Корпоративтік хатшы қызметінің негізгі көрсеткіштерінің нақты мәні, «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма мүшелері, Ішкі аудит қызметінің жетекшісі мен Корпоративтік хатшысының мотивациялық НҚК-сі қаралды.

## Стратегиялық жоспарлау комитеті

Стратегиялық жоспарлау комитетінің мақсаты Компания қызметінің басым (даму) бағыттарын, стратегиялық мақсаттарын (даму стратегияларын) әзірлеу, Компанияның инвестициялық жобаларын, шеберлік жоспарларын және Компанияның ұзақ мерзімді келешектегі қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды іске асыру, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін қоса алғанда, орнықты дамуды басқару жүйесін

ендіру мәселелері бойынша ұсынымдар беруді қамтамасыз ету болып табылады.

### Комитет құрамы:

- Андреас Сторзел – Тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;
- Хоакин Галиндо – Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

### Стратегиялық жоспарлау комитеті отырыстарының саны

	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Отырыстар саны	10	8	8
Тікелей нысанда	10	8	8
Сырттай нысанда	0	0	0
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%
2020 ж. қаралған мәселелер саны			43

## Негізгі қаралған мәселелер

**Тоқсан сайын мынадай:** «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Корпоративтік басқаруды жетілдіру және Корпоративтік басқару кодексін ендіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы, Компанияның 2018–2028 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын қарау туралы, Компанияның Даму жоспарының орындалуы туралы, Компанияның инвестициялық жобалары бойынша инвестициялардың игерілуі туралы, Компанияның Цифрлық трансформациялау бағдарламасының іске асырылу барысы туралы есептер қаралды.

іс-қимыл және кері байланыс тетігі жөніндегі есепті қарау.

### Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитеті

Комитеттің мақсаты Директорлар кеңесіне қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша ұсынымдар дайындау, бағалау, талдау және тиімді жұмыс жүргізу арқылы Компания қызметінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету болып табылады.

### Комитет құрамы:

- Хоакин Галиндо – Тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;
- Андреас Сторзел – Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

### Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитеті отырыстарының саны

	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Отырыс саны	4	4	4
Тікелей нысанда	4	4	4
Сырттай нысанда	0	0	0
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%
2020 ж. қаралған мәселелер саны			7

## Негізгі қаралған мәселелер

Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және өндірістік жарақаттану саласындағы жұмыс туралы есепті тоқсан сайын қарау.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы оқыс оқиғалар мен бұзушылықтарды тіркеудің бірыңғай автоматтандырылған жүйесінің тұжырымдамасын қарау.



Компания туралы



2018–2028 жылдарға арналған Даму стратегиясы



Электр энергиясы мен көмір нарығына шолу



Компания қызметіне қаржы-экономикалық шолу



Инвестициялық қызметті басқару



Сатып алуды басқару



**КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**



Орнықты даму



Қосымшалар



## АТҚАРУШЫ ОРГАН

Компанияның ағымдағы қызметіне басшылықты Басқарма нысанындағы алқалы атқарушы орган жүзеге асырады.

Басқарма Директорлар кеңесімен ынтымақтастық, барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау рухында өзара іс-қимыл жасай отырып, Компания қызметінің, даму стратегиясының, даму жоспарының және Жалғыз акционер мен Басқарушы орган қабылдаған шешімдердің сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Атқарушы органның төрағасы мен мүшелері өз функцияларын орындау үшін қажетті жеткілікті білімге, дағдыларға және тәжірибеге, сондай-ақ мінсіз іскерлік пен жеке беделге ие.

### Басқарма құрамы:

- Есімханов С.Қ.
- Жатқанбай Р.Қ.
- Түйтебаев С.С.
- Рысқұлов А.Қ.

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 28 ақпандағы шешімімен (№ 02/20 хаттама) Басқарма мүшесі М.А. Әмірханов өз өкілеттігін тоқтатты.

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 27 наурыздағы шешімімен (№ 03/20 хаттама) Р.Қ. Жатқанбай «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма мүшесі болып сайланды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 7 сәуірдегі шешімімен (№ 12/21 хаттама) Басқарма Төрағасы Б.Т. Жоламанов өкілеттігін тоқтатты.

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 5 мамырдағы шешімімен (№ 05/21 хаттама) Басқарма мүшесі М.А. Ұлданов өкілеттігін тоқтатты.

«Самұрық-Қазына» АҚ Акционерлік қоғамы басқармасының 2021 жылғы 12 сәуірдегі шешімімен (№ 13/21 хаттама) С.Қ. Есімханов Басқарма Төрағасы болып тағайындалды.

Басқарма әр мүшесінің түйіндемесінің толық нұсқасымен мына сайтта танысуға болады: [www.samruk-energy.kz](http://www.samruk-energy.kz)



### ЕСІМХАНОВ Сұңғат Қуатұлы

Басқарма Төрағасы

1973 жылы 30 қарашада дүниеге келген

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

Компанияның бірінші басшысы болып табылады және Қоғамның атқарушы органына жалпы басшылықты жүзеге асырады.

### ЖАТҚАНБАЙ Руслан Қазбекұлы

Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі

1978 жылы 30 сәуірде дүниеге келген

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның бекітілген стратегиялық басымдықтары шеңберінде Қазақстанның электр энергиясы нарығының моделін жетілдіру, сатып алу, маркетинг және әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз ету процестерін басқару бойынша жұмысты жүзеге асырады, «Самұрық-Энерго» АҚ ақша қаражатын тиімді пайдалануды және кірістілігін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында ҚР заңнамасына, Компанияның Жарғысы мен Даму стратегиясына сәйкес құқықтық қолдауды үйлестіреді.

### ТҮЙТЕБАЕВ Серік Сүйінбекұлы

Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі

1958 жылы 27 мамырда дүниеге келген

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша: компаниялар тобының өндірістік-техникалық қызметін үйлестіру және республикалық бюджет қаражатын компаниялар тобының жұмыс көлемінің уақытылы және сапалы орындалуына қатысты мақсатты игеруі бойынша жұмыстарды бақылау бойынша үйлестіреді және оған бақылау жасайды; қолданыстағы Өндірісті және күрделі құрылысты жаңғырту және техникалық қайта жарақтандыру бағдарламасының мәселелерін қарайды; «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында тарифтік науқанның уақтылы жүргізілуін, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті бақылайды.

### РЫСҚҰЛОВ Айдар Қайратұлы

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі

1981 жылы 20 қыркүйекте дүниеге келген

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

Компанияның қаржылық-экономикалық мәселелері, активтер мен пассивтерді басқару, қаржы тарту, бухгалтерлік есеп және есеп беру мәселелері саласындағы қызметін үйлестіреді, Даму стратегиясының орындалуын бақылайды.





Компания туралы



2018–2028 жылдарға арналған Даму стратегиясы



Электр энергиясы мен көмір нарығына шолу



Компания қызметіне қаржы-экономикалық шолу



Инвестициялық қызметті басқару



Сатып алуды басқару



**КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**



Орнықты даму



Қосымшалар



## БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІ

### «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма отырыстарының саны

	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Отырыс саны	30	39	35
Тікелей отырыстардың үлесі	100%	100%	100%
Қатысуы	84%	99,74%	92,3%
Қаралған мәселелер саны	381	418	504

### Негізгі қаралған мәселелер

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша: ЕТҰ ішкі нормативтік құжаттары, ЕТҰ қызметкерлерінің жалпы саны, ұйымдық құрылымы, штаттық кестесі, лауазымдық жалақыларының сызбалары, Компаниялар тобы қызметкерлерінің жалақылары бекітіліп, ЕТҰ инвестициялық жобалары, ЕТҰ жарғылық капиталдары мөлшерлерінің өзгеруіне қатысты мәселелер, ЕТҰ жарғыларына өзгерістер енгізу, «Самұрық-Энерго» АҚ өкілдерінің ЕТҰ органдарында дауыс беруіне қатысты ұстанымдарын анықтау және басқаларына қатысты мәселелер қаралды.

### Басқарма мүшелеріне сыйақы беру

Компания Басқармасының қызметін бағалау және сыйақы беру шарттары мен тәртібін белгілеу мақсатында

### Қазақстан теңгесімен, мың

	2019 ж.	2020 ж.
Негізгі басшы персоналға берілген барлық сыйақы	210 832	139 906

Негізгі басшы персоналдың сыйақысы қызметкерлердің жалақысын, сыйақысын және өзге де қысқа мерзімді сыйақыларын білдіреді. Негізгі басшы персонал 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 5 адамнан тұрады (2019 жылғы 31 желтоқсан: 5 адам).

### Басқарма комитеттері

Басқарма жанында сарапшыларға мейлінше күрделі мәселелерді шешуде көмек көрсету үшін құрылған консультативтік-кеңесші органдар жұмыс істейді.

Барлық комитеттер Қоғам Басқармасына есеп береді және осы органдар туралы ережелерге сәйкес өздеріне Басқарма берген құзырет шегінде әрекет етеді.

«Самұрық-Энерго» АҚ басшы және басқарушы қызметкерлерінің қызметін бағалау және оларға сыйақы беру қағидалары жұмыс істейді.

Қағида мынадай қағидаттарға сүйенеді:

- сыйақының Компания мен оның акционерінің мүдделеріне сәйкес келетін міндеттердің орындалуымен өзара байланыстылығы;
- сыйақы мөлшерін анықтау қағидаттарының қарапайымдылығы мен ашықтығы;
- сыйақы мөлшерінің Компания қызметінің нәтижелеріне және қызметкерлердің нәтижелілігіне тәуелділігі.

Атқарушы органның басшысы мен мүшелерін Директорлар кеңесі бағалайды. Бағалаудың негізгі критерийі алға қойылған ҚНҚ-ге қол жеткізу болып табылады.

### Тәуекелдер жөніндегі комитет

Комитет Басқармаға Компанияның тәуекелдерін басқару және ішкі бақылау саласында шешімдер қабылдауына көмектеседі, тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін, ішкі бақылауды ұйымдастыру, жүргізу, олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету және тәуекелдерді анықтауға, өлшеуге, бақылауға және басқаруға арналған процестерді дамыту бойынша ұсыныстар мен ұсыныстар дайындайды. Комитет сонымен бірге осы салалардағы жұмыстардың үйлестірілуін бақылау бойынша ұсыныстар әзірлеумен айналысады.

### Комитет құрамы:

- **Комитет төрағасы** – Тәуекелдер және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор;
- **Комитет төрағасының орынбасары** – Бизнесі трансформациялау жөніндегі басқарушы директор;
- **Комитет мүшелері** – Дамыту және сату жөніндегі басқарушы директор; Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор; Тәуекелдер және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор; Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор; Қаржы контролері; «Тәуекел-менеджмент және ішкі бақылау» департаментінің директоры; Ішкі Аудит қызметінің жетекшісі (дауыс беру құқығынсыз); «Комплаенс» қызметінің басшысы (дауыс беру құқығынсыз).

дегі басқарушы директор; Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор; Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор; Қаржы контролері; «Тәуекел-менеджмент және ішкі бақылау» департаментінің директоры; Ішкі Аудит қызметінің жетекшісі (дауыс беру құқығынсыз); «Комплаенс» қызметінің басшысы (дауыс беру құқығынсыз).

### 2020 жылғы есеп

Отырыс саны	4	
Қаралған мәселелер саны	10	
Негізгі мәселелер		<ul style="list-style-type: none"> <li>• Негізгі тәуекелдер туралы сипаттама мен талдауы берілген Тәуекелдерді басқару жөніндегі есепті, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2019 жылғы IV-тоқсандағы, 2020 жылғы I, II және III-тоқсандағы тәуекелдерді азайту жоспарлары мен бағдарламалары бойынша мәліметтерді туралы ақпаратты алдын ала мақұлдау туралы;</li> <li>• «Самұрық-Энерго» АҚ Шоғырландырылған тәуекелдер тізілімін, Шоғырландырылған тәуекелдер картасын, әр негізгі тәуекелге қатысты төзімділік деңгейлерін анықтайтын Негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2021 жылға арналған Негізгі тәуекел көрсеткіштерінің паспорттарын алдын ала мақұлдау туралы;</li> <li>• «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2021 жылға арналған тәуекелге тәбетін алдын ала мақұлдау туралы;</li> <li>• Департаменттің 2020 жылға арналған жұмыс жоспарының орындалуы туралы есепті қарау туралы;</li> <li>• Тәуекелдер жөніндегі комитеттің 2020 жылға арналған жұмыс жоспарының орындалуы туралы есепті және Тәуекелдер жөніндегі комитеттің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы;</li> <li>• Департаменттің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы.</li> </ul>

### Қызметті жоспарлау және бағалау комитеті

Комитеттің негізгі мақсаты «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметінің тиімділігін арттыру, оның ішінде олардың активтері мен шығындарының құрылымын оңтайландыру, ҚНҚ-ге мониторинг жүргізу, Даму жоспарларын, қаржылық есептілікті қарау.

- **Комитет төрағасының орынбасары** – Дамыту және сату жөніндегі басқарушы директор;
- **Комитет мүшелері** – Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор; Бизнесі трансформациялау жөніндегі басқарушы директор; Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор; Тәуекелдер және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор; «Қаржылық бақылау» департаментінің директоры; «Баға мониторингі және санаттарды басқару» департаментінің директоры; Ішкі Аудит қызметінің аудиторы (дауыс беру құқығынсыз).

### Комитет құрамы:

- **Комитет төрағасы** – Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор;

### 2020 жылғы есеп

Отырыс саны	10	
Қаралған мәселелер саны	11	
Негізгі мәселелер		<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бірінші күнтізбелік жылға арналған Жылдық бюджеттің бекітілген көрсеткіштері шегінде Корпоративтік орталық пен ЕТҰ бюджетіне енгізілген түзетулерді келісу.</li> </ul>



## Инвестициялық-инновациялық кеңес

Кеңес «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша инвестициялық және инновациялық қызметтің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Осы мақсаттар үшін Кеңес инвестициялық және инновациялық қызмет, инвестиция алды және инвестициялық жобалар сатысының белгіленген кезеңдерін іске асыру, келесі сатыға көшуге қатысты ұсыныстар әзірлейді, Компанияның басқа заңды тұлғалардың акцияларын (қатысу үлестерін), оның ішінде жер қойнауын пайдаланумен байланысты объектінің жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алудағы басымдық құқығын іске асыру аясында сатып алу және иеліктен шығару, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобын сыртқы заңды тұлғалармен біріктіру, инвестициялық жобалар аясында заңды тұлғаларды құру бойынша ұсынымдар әзірлейді.

### 2020 жылғы есеп

Отырыс саны	8
Қаралған мәселелер саны	10
Негізгі мәселелер	<ul style="list-style-type: none"> <li>«Алматы энергетикалық кешенін газға көшіру. Алматы ЖЭО-3-ті қайта құру» инвестициялық жобасының инвестиция алды кезеңін іске асырудың кейбір мәселелері туралы</li> <li>«Іле өзенінде кері реттеуші Кербұлақ СЭС-ін салу» жобасы және жерге орналастыру жобасы бойынша техникалық-экономикалық негіздемесі бойынша түзетулердің орындалуын мақұлдау туралы.</li> </ul>

## Кредит комитеті

Кредит комитетінің негізгі міндеттері «Самұрық-Энерго» АҚ активтері мен пассивтерінің құрылымын тиімді басқару жөнінде ұсынымдар әзірлей отырып, кредиттерді (қарыздарды) тартуға, беруге, қаржылық көмек көрсетуге және кепілдіктер беруге, тәуекелдерді барынша азайтуға байланысты мәселелер бойынша уақтылы және сапалы шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету болып табылады.

## Комитет құрамы:

- **Комитет төрағасы** – Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор;
- **Комитет мүшелері** – Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор; Тәуекелдер және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор; «Қазынашылық және Корпоративтік Қаржы» департаментінің директоры; «Тәуекел-менеджмент және ішкі бақылау» департаментінің директоры; Жобалау Офисінің басшысы; Қаржы контролері.
- **Тәуелсіз сарапшы** – «Комплаенс» қызметінің басшысы

### 2020 жылғы есеп

Отырыс саны	6
Қаралған мәселелер саны	7
Негізгі мәселелер	<ul style="list-style-type: none"> <li>«Самұрық-Энерго» АҚ-ның екінші деңгейлі банктердегі депозиттерге қарыздар мен қаржылық көмек тарту/ұсыну, бос ақша қаражатын орналастыру бойынша мәселелері қаралды.</li> </ul>

## Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитеті

Комитет қызметінің мақсаты еңбекті және қоршаған ортаны қорғаумен байланысты тәуекелдерді сәйкестен-

діру және басқару саясаттары мен жүйелердің тиімділігін бағалау мәселелері бойынша тиісті ұсыныстар беру арқылы Компанияның еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мәселелерді шешуде тиімді жұмысын қамтамасыз ету; өлімге әкеп соқтыратын барлық жаза-

тайым оқиғаларды, сондай-ақ маңызды инциденттерді және мұндай оқиғалар мен инциденттер нәтижесінде жасалатын шараларды талдау; еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөлігінде кез келген тәуеліз аудиторлық тексерістердің нәтижелерін зерттеу, қозғалатын мәселелерге жауап ретінде әзірленген кез келген стратегияларға және іс-қимыл жоспарларына шолу және мүмкін болған жағдайда Директорлар кеңесіне аталған мәселелерге қатысты ұсыныстар беру болып табылады.

## Комитет құрамы:

- **Комитет Төрағасы** – Басқарма Төрағасы;
- **Комитет Төрағасының орынбасары** – «Еңбекті және Қоршаған ортаны Қорғау» департаментінің директоры;
- **Комитет мүшелері** – «Генерация және Отын» департаментінің директоры; «ЖЭК және тарату» департаментінің директоры; «Корпоративтік басқару және орнықты даму» департаментінің директоры; «Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау» департаментінің бас менеджері.

### 2020 жылғы есеп

Отырыс саны	4
Қаралған мәселелер саны	5
Негізгі мәселелер	<ul style="list-style-type: none"> <li>Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау мен өндірістік жарақаттану саласындағы жұмыс туралы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыс туралы есептерді қарау.</li> <li>Комитеттің жұмысы туралы Жылдық есепті қарау.</li> </ul>

## КОМПАЕНС

Жедел желі:  
**Телефон:** 800 080 47 47  
**Сайт:** www.sk-hotline.kz  
**e-mail:** mail@sk-hotline.kz

Компания іскери әдет-ғұрыптан және белгілі бір юрисдикциядағы бизнесті жүргізудің басқа жағдайларынан тәуелсіз іскерлік этика, ашықтық және заңдылықтың жоғары стандарттарын ұстанады.

Комплаенс бағытының негізгі міндеті «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметінде туындайтын комплаенс-тәуекелдерді анықтау, бағалау, болдырмау және бақылау іс-шараларын жүргізу, сыбайлас жемқорлық пен парақорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті құру және комплаенс тәуекелдерінің алдын алу болып табылады.

Компанияда бүкіл Қазақстан бойынша барлық еншілес және тәуелді ұйымдардың қызметкерлеріне қол жетімді көп арналы call-орталығы қызмет көрсететін бірыңғай «Жедел желі» жұмыс істейді.

Сауалнама нәтижелері бойынша сұралғандардың 86%-ы «Жедел желі» жұмысына сенетіні анықталды, сондай-ақ жұмысқа қанағаттану 70%-ды құрады.

## Мүдделер қақтығысын реттеу

Мүдделер қақтығысын басқарудың тиімді жүйесін құру, сондай-ақ қызметкерлердің мінез-құлқына қойылатын, әрі сақталуы Компанияда жеке мүдделер мен байланыстардың ықпалымен шешімдер қабылдау тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік беретін талаптарды анықтау мақсатында бірқатар іс-шаралар өткізіледі.

2018 жылдан бастап «Самұрық-Энерго» АҚ-да Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу саясаты қолданылады, оның аясында басшы қызметкерлер, бөлім басшылары және одан жоғары басшылар мүдделер қақтығысының жоқ екендігі туралы декларация толтырады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-дағы бос лауазымдар мен еншілес және тәуелді ұйымдардағы басқарушы лауазымдарға үміткерлерді (лауазымдар тізбесіне сәйкес) іріктеу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен мүдделер қақтығыстарын болдырмау мақсатында оларды алдын ала біліктілік талаптарына сәйкестігіне және «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының лауазымды тұлғаларымен үлестестігіне тексереді.

«Комплаенс» қызметі мүдделер қақтығысының орын алу жағдайларын үнемі қадағалап отырады, 2020 жылы 1 ықтимал мүдделер қақтығысы реттелді.



Компания туралы



2018–2028 жылдарға арналған Даму стратегиясы



Электр энергиясы мен көмір нарығына шолу



Компания қызметіне қаржы-экономикалық шолу



Инвестициялық қызметті басқару



Сатып алуды басқару



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



Орнықты даму



Қосымшалар



## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Компания мынадай қағидаттарға негізделген өз ұстанымын қалыптастырды:

- Комплаенс жүйесін дамытуға басшылық тарапынан белсенді қызығушылық таныту және қолдау көрсету. Компанияның Директорлар кеңесі комплаенс бағдарламасын іске асыру туралы есептерді кезеңдік негізде қарайды.
- Компания сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және одан әрі өзектендіру бойынша іс-шараларды тұрақты түрде жүргізеді.
- Компания анықталған тәуекелдердің деңгейі мен сипатына жауап беретін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша рәсімдерді әзірлейді және енгізеді, ішкі саясат пен рәсімдерді жетілдіреді және өзектендіреді.
- Компания қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкестік қағидаттары мен стандарттарын оқыту бағдарламасын іске асырады және қолдайды.
- Компания сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша енгізілген рәсімдердің тиімділігіне мониторинг жүргізеді.
- Компанияны сыбайлас жемқорлыққа тарту тәуекелін азайту мақсатында Компанияда контрагенттерге, сондай-ақ жеке тұлғаларға қатысты да адалдықты (Due diligence) тексеру рәсімдері әзірленді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және паракорлық пен сыбайлас жемқорлықтың кез келген түріне нәлдік төзімділікті қалыптастыру мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының қызметкерлері үшін комплаенс саясат және сыбайлас жемқор-

лыққа қарсы іс-қимыл қабылдаған талаптарды түсіндіру бойынша тұрақты түрде оқыту іс-шаралары жүргізіледі.

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының барлық қызметкерлері Мінез-құлық кодексінің, Алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының талаптарымен 100% танысты, сондай-ақ қызметкерлер тестілеуден өтті.

2020 жылы сыбайлас жемқорлық қызметі аясында мынадай іс-шаралар жүзеге асырылды:

2020 жылы 6 қазанда Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 365-VI Заңға қол қойды.

Осы заңнаманың талаптарына сәйкестендіру мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ талаптарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ-да корпоративтік комплаенс мәдениетін қалыптастыру мақсатында 2020 жылдың 12 қарашасында Корпоративтік орталық (офлайн) пен еншілес және тәуелді ұйымдардың (онлайн) басшы құрамы мен Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің өкілдерімен кеңес өткізілді. Кеңесте заңнаманың сыйлықтар бойынша және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерін кеңейтуге қатысты жаңа талаптары түсіндірілді.

## Оқыту

Атауы	Барлығы	Әкімшілік-басқару персоналы	Өндірістік персонал	Оқыту нақты
«Самұрық-Энерго» АҚ	195	195	0	100%
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	565	57	508	100%
«Мойнақ СЭС» АҚ	116	19	97	100%
«Шардара СЭС» АҚ	137	18	119	100%
«Екібастұз ГРЭС-2» АҚ	1 504	107	1 340	100%
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	3 922	168	3 754	100%
«АлЭС» АҚ	3 158	220	2 938	100%
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	1 422	142	1 280	100%
«Богатырь Көмір» ЖШС	6 584	490	5 993	100%
«Samruk-Green Energy» ЖШС	24	10	14	100%
«Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС	22	11	11	100%
«БЖЭС» ЖШС	26	11	15	100%
«Энергия Семиречья» ЖШС	21	21	0	100%
«Бұқтырма СЭС» АҚ	10	10	0	100%
«Тегіс Мұнай» ЖШС	3	3		
«Ereumentau Wind Power» ЖШС	16	15	0	100%
«Казгидротехэнерго» ЖШС	1	1	0	100%
«Energy Solutions Center» ЖШС	57	21	36	100%
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>17 783</b>	<b>1 520</b>	<b>16 105</b>	<b>100%</b>

Жыл сайын Қоғам қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен ішкі құжаттардың талаптарын білу бойынша тексерулер жүргізіледі.

2020 жылы Компанияның «Комплаенс» қызметі «Жедел желіге» түскен өтініштер бойынша 10 комплаенс-тексеру жүргізіп, еншілес және тәуелді ұйымдарда ішкі нормативтік құжаттар мен заңнама талаптарының бұзылғанын анықтады.

Еншілес және тәуелді ұйымдардағы тексерулер мен тергеулердің нәтижелері бойынша тәуекелдерді азайту бойынша шаралар қабылданды, сондай-ақ басшылар мен жауапты қызметкерлер тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

2020 жылдың қорытындылары бойынша Компаниялар тобында еншілес ұйым басшысының іс-әрекетінде орын алған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық тіркелген жоқ.

## ОМБУДСМЕН

**Пошталық мекенжайы:** o.bekbas@samruk-energy.kz  
**Телефон:** +7 (7172) 69-23-56

Омбудсмен тәуелсіз тарап ретінде әрекет ете отырып, Компанияда корпоративтік құндылықтар мен мәдениетті, кәсіби мінез-құлық пен іскерлік этиканың жоғары стандарттарын орнықтыруға және дамытуға ықпал етеді.

Омбудсменнің міндеттері:

- еңбек дауларын, қақтығыстарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге, сондай-ақ қызметкерлердің іскерлік этика қағидаттарын сақтауына жәрдемдесу;
- қадағалайтын Компанияның рейтингі мен имиджін арттыруға, қақтығыстар мен даулардың алдын алуға, оларды реттеуге жәрдемдесу;
- Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің арасында бейресми қарым-қатынасты қамтамасыз ету, осы негізде проблемалар мен жетілдіруге арналған бағыттарды, Компанияның саясаты мен

рәсімдерін жетілдіру бойынша ұсыныстарды уақытылы анықтау;

- Омбудсмен Директорлар кеңесінің/Байқаушы кеңестің, ал болған жағдайда Директорлар кеңесінің/Байқаушы кеңестің жанындағы Аудит комитетінің қарауына өздері анықтаған жүйелі сипаттағы және тиісті (кешенді шаралар) қабылдауды талап ететін проблемалық мәселелерді шығарады, оларды шешу үшін сындарлы ұсыныстарды ұсынады.

2020 жылдың нәтижесі бойынша Омбудсменге түрлі сипаттағы ауызша өтініштер, барлығы 20 өтініш келіп түсті. Барлық өтініш білдірушілер өз сауалдары бойынша толық, тиянақты жауап алды. Өтініштер мен оларға берілген жауаптар тұтастай алғанда Компанияның әлеуметтік тұрақтылығына жағымсыз әсерін тигізбеді. Омбудсменге нәсілдік, діни ұстаным, ұлттық, жыныстық, жас ерекшелік, саяси және басқа да кемсітушілікке қатысты ешбір өтініш жасалған жоқ. Осыған орай жазбаша өтініштер де жасалмады.

## ҚЫЗМЕТ АУДИТІ

### Ішкі аудит қызметі

Ішкі аудит қызметі компаниядағы тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру арқылы Компанияның стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуіне көмектеседі.

Қызметтің миссиясы «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы бойынша стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуде өз міндеттерін орындауда Директорлар кеңесі мен атқарушы органға қажетті көмек көрсету болып табылады.

2020 жылдың наурыз айында ІАҚ жаңа басшысы болып Бекжан Бейсенұлы Қасымбеков тағайындалды. ІАҚ басшысы Алматы энергетика және байланыс университетінің бакалавр дәрежесіне ие. Ланкастер университетінің магистрлік дәрежесін бітірген (Ұлыбритания, «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасының стипендиаты). Түрлі халықаралық кәсіби сертификаттарға ие,

соның ішінде Ұлыбританияның Dip ICFM халықаралық қаржы менеджерлері институтының (DipCPIA), EXIN халықаралық институтының (ITIL) сертификаттарына ие. Түрлі жылдары халықаралық аудиторлық компанияларда (Ernst & Young, PricewaterhouseCoopers), «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Ішкі аудит қызметінде және т. б. жұмыс істеді.

2020 жылы Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – Компания) тобы бойынша 20 жоспарлы аудиторлық тапсырма орындалды:

- Компания тобы бойынша сатып алу процесі тиімділігінің аудиті;
- Компания тобы бойынша Цифрлық трансформация бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізуді бағалау;
- Компания тобы бойынша басшы қызметкерлердің ҚНҚ-ні орындау дәрежесін бағалау;
- IT-аудит, адам ресурстарын басқару процестерін бағалау және т. б.



Компания туралы



2018–2028 жылдарға арналған Даму стратегиясы



Электр энергиясы мен көмір нарығына шолу



Компания қызметіне қаржы-экономикалық шолу



Инвестициялық қызметті басқару



Сатып алуды басқару



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



Орнықты даму



Қосымшалар



Барлық аудиторлық тапсырмалар Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес орындалды. Жүргізілген аудиторлық тексерулердің қорытындысы бойынша ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған ұсынымдар берілді.

Аудиторлық тапсырмалардың басымдылығы өзіне тән тәуекелдері неғұрлым жоғары процестерді таңдау арқылы, сондай-ақ Жалғыз акционер мен «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің аудиторлық тексерулерді жүргізуге басым сұраныс жасауы арқылы анықталды.

Компанияда корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру шеңберінде 2020 жылы ІАҚ төмендегідей іс-шаралар жоспарларын орындау бойынша жұмыстарды жалғастырды:

- ІАҚ стратегиялық даму жоспары;
- Сапаны қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасы;
- Ішкі бақылауды тестілеуге негізделген аудиторлық тексерулерге көшудің үш жылдық жоспары.

Бұған қоса, ІАҚ тоқсан сайын сыртқы аудитор ұсынымдарының орындалуына мониторинг жүргізіп, ІАҚ ұсынымдарының орындалуы бойынша өткізілген іс-шаралардың тиімділігін бағалайды.

2020 жылдың IV-тоқсанында «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС тәуелсіз компаниясы тарапынан ІАҚ қызметіне сыртқы бағалау жүргізілді. ІАҚ нәтижелері бойынша халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келеді.

2020 жылдың қорытындысы бойынша ІАҚ қызметін Директорлар кеңесі «ТИИМДІ» деп бағалады.

### Сапа менеджменті жүйесінің аудиті

Компанияда ISO 9001:2015 халықаралық стандартына сәйкес корпоративтік менеджмент жүйесі енгізілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен болжалдарын ескере отырып, Компанияны тиімді және нәтижелі басқаруды қамтамасыз етеді.

Корпоративтік басқару жүйесінің ISO 9001:2015 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігін растау үшін Компания жыл сайын сыртқы аудиттен өтеді. Бұл TÜV NORD CERT рәсімдеріне сәйкес, энергетикалық активтерді корпоративтік басқару қызметі тұрғысынан менеджмент жүйесін қолдануды растау арқылы жүзеге асырылады.

2020 жылы сыртқы қайта сертификаттау аудиті «Самұрық-Энерго» АҚ-ның ISO 9001 халықаралық стандартына сәйкестігін растады. Рәсімді «TUV Nord» халықаралық тәуелсіз компаниясының мамандары жүргізді.

### Сыртқы аудит

Компанияның аудиторлық ұйымын таңдау «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ мен дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың Аудиторлық ұйымды таңдау қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

Аудиторлық ұйымды таңдаудағы негізгі критерийлер қызметтің сапасы мен құны болып табылады.

2012 жылдан бастап Компанияның сыртқы аудитору PricewaterhouseCoopers (бұдан әрі – PwC) әлемдік фирмалар желісі болып табылады.

PwC аудиторлық және кеңес беру қызметін ұсынуда жетекші орынға ие: аудит бойынша клиенттер қатарына FTSE 100 және Fortune 500 рейтингтеріне енген компаниялардың жартысына жуығы кіреді.

Әлемнің түрлі елдерінде отын-энергетикалық кешен кәсіпорындарына көрсетілетін қызмет сапасын жақсарту мақсатында PwC фирмасы аясында Дүниежүзілік энергетикалық қызмет құрылды, онда 4 000-нан астам маман жұмыс істейді.

Неғұрлым толық ақпаратты [www.pwc.kz](http://www.pwc.kz) сайтынан алуға болады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның Аудиторлық ұйымдардың қызметін тарту саласындағы саясатына сәйкес, Компания әр бес жыл сайын аудит үшін негізгі жауапкершілік арқалайтын серіктесті ауыстыру принципін қолданады. 2016–2017 жылдары аудит үшін Бауыржан Бұрханбеков негізгі жауапты серіктес болды. 2018 жылдан бастап негізгі серіктес – Дана Іңкәрбекова болды.

Бұған қоса «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында аудиторлық ұйымның қызметкерлерін жұмысқа қабылдау шарттары ерекше. Сонымен, Компанияның міндетті аудитіне Компанияның Басқарма мүшесі, басқарушы директоры немесе бас аудитору лауазымына тағайындалған (сайланған) күнінің алдындағы екі жылда аудиторлық ұйымның қызметкері ретінде екі жыл бойына қатысқан аудиторлық ұйымның қызметкерін тағайындау мүмкін болған жағдайда, мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында Аудит комитетінің алдын ала мақұлдауын алу талап етіледі.

### PwC Компанияның мына ЕТҰ-ларында аудит жүргізеді:

Компания	Қызмет түрі	Кезең
«Самұрық-Энерго» АҚ	Холдингтік компания	2008–2010, 2012-қазірге дейін
«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	Павлодар облысында орналасқан электр станцияларында көмір негізінде электр және жылу энергиясын өндіру	2013 – қазірге дейін
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	Алматы қ. мен Алматы облысы үшін электр энергиясын тасымалдау, желілердегі электр энергиясын техникалық тарату қызметі	2010, 2012- қазірге дейін
«Алматы электр станциялары» АҚ	Алматы қ. мен Алматы облысы үшін электр- және жылу энергиясын өндіру	2010, 2012- қазірге дейін
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	Алматы қ. мен Алматы облысы аумағында электр энергиясын сатуды жүзеге асырады	2008–2010, 2012-қазірге дейін
«Шардара СЭС» АҚ	Электр энергиясын өндіру	2007 ж.
«Мойнақ СЭС» АҚ	Шарын өзенінде су электр станциясын салу	2008, 2012- қазірге дейін
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	«Богатырь» және «Северный» көмір кесіктерінде өндірілетін көмір негізінде электр және жылу энергиясын өндіру	2005–2009 жж.
«Богатырь Көмір» ЖШС	«Богатырь» және «Северный» көмір кесіктерінде ашық тәсілмен тас көмір өндіру	2008–2010, 2012-қазірге дейін.

### Аудиторлық ұйымға 2020 жылы көрсетілген аудиторлық қызметі үшін төленген сыйлықақы

Қызметтер	«Самұрық-Энерго» АҚ	«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы
2020 жылғы аудит үшін	32 364 000 теңге	168 200 597 теңге

2020 жыл ішінде PwC қаржылық есептілік аудитіне қатысы жоқ қызметтерді ұсынбады.

## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Компанияда тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесі тиімді жұмыс істейді және тұрақты түрде жетілдіріліп отырады.

Жыл сайын Директорлар кеңесі Қоғамның тәуекелге тәбетін сандық және сапалық тұрғыдан анықтайды, тәуекел-тәбет негізгі қызмет түрлеріне қойылатын шектеулерді қамтиды және тоқсан сайын оның сақталуына бақылау жасалады.


Жыл сайын Тәуекелдер тізілімі, Тәуекелдер картасы, НТК (негізгі тәуекел көрсеткіштері) және Негізгі тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жоспары жасалып, Ком-

панияның Директорлар кеңесіне қарауға және бекітуге ұсынылады. «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының 2020 жылға арналған тәуекелдерін сәйкестендіру бойынша жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының қызметіне тән 33 тәуекел сәйкестендіріліп, бағаланды, НТК-нің шекті мәні жаңартылды, тәуекел иелері тәуекел факторлары мен оларды азайту шараларын өзектендірді.

Осы қайта бағалау нәтижелері бойынша 2020 жылға арналған Тәуекелдер картасының негізгі аймағына 10 тәуекел кірді (2019 жылы – 13 негізгі тәуекел).



## Тәуекелдер картасы



## № Тәуекел атауы

1	Қызметтік міндеттемелерді орындау барысында қызметкерлердің денсаулығы мен өміріне зақым келтірген өндірістегі жазатайым оқиғалардың тәуекелі
2	«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының іске асырылатын/перспективалық инвестициялық жобалары мен инвестициялық бағдарламаларының тәуекелдері
3	Өндірістегі авариялар және апаттар тәуекелі
4	Электр энергиясын сату жоспарын орындамау тәуекелі
5	Тарифті белгілеу тәуекелі
6	«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының адам ресурстары тәуекелі
7	Трансформациялау бағдарламасын іске асырумен байланысты тәуекел
8	Валюталық тәуекел
9	Кредиттік тәуекел
10	Сыртқы кредиторлардың ковенантын және листингтік талаптардың бұзу тәуекелі

Тәжірибе көрсеткендей, тәуекелдер бағалау және алдын алу қажет болатын бизнес-процестер қызметінің кез келген түрінде туындайды.

Бүгінгі күні тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша түрлі шешімдер бар, олардың бірі «Самұрық-Энерго» АҚ-да қабылданды.

2018 жылғы қарашадан бастап корпоративтік басқарудың маңызды бөлігі болып табылатын және мынадай өзгерістерге жататын үш кіріктірілген кіші жүйеден тұратын «Тәуекелдерді басқарудың жаңа моделін ендіру» жобасын іске асыру бойынша жұмыстар басталды, олар:

- тәуекелдерді басқару жүйесі (жүйені жетілдіру);
- ішкі бақылау жүйесі (бақылау рәсімдерінің дизайнын бағалау және операциялық тиімділігін тестілеу бойынша жүйені пысықтау);
- қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жүйесі (жүйені ендіру).

2020 жылдың қорытындысы бойынша «Тәуекелдерді басқарудың жаңа моделін енгізу» жобасын (бұдан әрі – Жоба) іске асыру шеңберінде мынадай бірқатар іс-шаралар кезең-кезеңімен орындалды:

- Жобаны іске асыру процесінде шешуші болып табылатын ЕТҰ-лар анықталды;
- Жобаны іске асыру жоспары анықталды, онда «Самұрық-Энерго» АҚ және оның негізгі ЕТҰ-лары үшін іс-шаралар белгіленді;
- Жобаны іске асыру үшін тартылған процестер анықталды (өндірістік және IT-процестері);
- «Самұрық-Энерго» АҚ-да және оның ЕТҰ-ларында Жоба шеңберінде 2020 жылға белгіленген қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін жауапты тұлғалар тағайындалды («Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Мойнақ су электр станциясы» АҚ, «Шардара су электр станциясы» АҚ);
- ЕТҰ-ларға белгіленген 2020 жылға есептелген процестер шекті топтарға бөлінді («Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Мойнақ су электр станциясы» АҚ, «Шардара су электр станциясы» АҚ);
- ЕТҰ-ларда («Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Мойнақ су электр станциясы» АҚ, «Шардара су электр станциясы» АҚ) 2020 жылға белгіленген ішкі нормативтік құжаттар (Ішкі бақылауды ұйымдастыру және жүзеге

## 2020 жылғы негізгі өзгерістер (негізгі тәуекелдерді митигациялау)

## Компанияның Даму стратегиясының орындалмау тәуекелі (ықтималдық бойынша ұлғаю - негізгі аймаққа өту)

- Қазақстан азаматтарының өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін пандемияның және басқа аурулардың салдарынан Қазақстандағы ТО/ТЖ режимінің әсері
- шаралар: белгіленген карантин талаптарына сәйкес

## ЕТҰ-лардың іске асырылатын/перспективті инвестициялық жобалары мен инвестициялық бағдарламаларының тәуекелдері (өзгеріссіз)

- инвестициялық жобалардың жете игерілмеуі бойынша негізгі ауытқушылық «Богатырь Көмір» ЖШС-да ағынды кешен бойынша ҚМЖ-ны сатып алуға тендерлік рәсімдердің созылып кетуі салдарынан туындады
- шаралар: келісім жасалды, жұмыстар жүргізілуде

## Қызметтік міндеттерін атқару процесінде қызметкерлердің денсаулығы мен өміріне залал келтірген өндірістегі жазатайым оқиғалардың тәуекелі (ықтималдық бойынша ұлғаю)

- жылдың басынан бастап еңбек қызметіне байланысты 8 жазатайым оқиға тіркелді
- шаралар: «Еңбекті және Қоршаған ортаны қорғау» департаментінің Жұмыс жоспарына сәйкес

## Валюталық тәуекел (ықтималдылық бойынша төмендеу)

- валюталық міндеттемелерді төмендету
- шаралар: валюталық баға белгілеулердің өзгеру мониторингі, ағымдағы қарызды қайта қаржыландыру жөніндегі іс-шаралар

## Кредиттік тәуекел (өзгеріссіз)

- екінші деңгейлі банктердегі тұрақсыз жағдай
- шаралар: контрагент-банктерге арналған лимиттерді сақтау мониторингі, сондай-ақ ЕДБ тұрақтылығын тұрақты бағалау

## Сыртқы кредиторлардың ковенантын және листингтік талаптарды бұзу тәуекелі (өзгеріссіз)

- шаралар: ковенанттарды, сондай-ақ қаржылық тұрақтылық коэффициенттерін сақтау мониторингі, борыштық жүктеме мен пайыздық төлемдер деңгейін төмендету жөніндегі іс-шаралар

## Электр энергиясын сату жоспарын орындамау тәуекелі (өзгеріссіз)

- шаралар: көтерме сауда нарығына электр энергиясын жеткізудің тәуелді кестесін қалыптастыруға күнделікті қатысу және орталықтандырылған сауда-саттыққа қатысу, ҚР көтерме сауда нарығының тұтынушыларын тарту

## Трансформациялау бағдарламасын іске асырумен байланысты тәуекел (әсер ету және ықтималдық бойынша төмендеу)

- Жобалар портфелін реформалау
- шаралар: Жол картасының орындалуына мониторинг жүргізу

## Өндірістегі авариялар мен апаттар тәуекелі (өзгеріссіз)

- шаралар: күрделі және ағымдағы жөндеулерді орындау, жабдықтардың техникалық жай-күйін мерзімді куәландыру, кәсіпорындардың жедел персоналына нұсқамалар мен аварияға қарсы жаттығулар жүргізу

## Тариф белгілеу тәуекелі (өзгеріссіз)

- еншілес ұйымдардың қуатқа жеке тарифтерді алуы
- шаралар: ЕТҰ тариф саясатының мониторингі, уәкілетті органдарда тарифтердің қажетті деңгейлерін алу бойынша жұмыс, заңнамаға өзгерістер енгізу бойынша жұмыс топтарына қатысу

## Компанияның адам ресурстары тәуекелдері (өзгеріссіз)

- шаралар: кадр резервімен жұмыс, электр энергетикасы және көмір саласы үшін басым мамандықтар бойынша мамандар даярлау мәселелерімен білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау, қоғам қызметкерлері үшін оқыту семинарлары мен тренингтер ұйымдастыру, меритократия қағидаттарын енгізу, ынталандыру жүйесін дамыту

- асыру қағидалары, Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету қағидалары) әзірленді;
- «Самұрық-Энерго» АҚ мен оның ЕТҰ-ларында 2020 жылға белгіленген қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарлары мен Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарлары әзірленді («Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Мойнақ су электр станциясы» АҚ, «Шардара су электр станциясы» АҚ);
- Жобаны іске асыру аясында негізгі ЕТҰ-лар үшін қолданыстағы Ішкі бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидалары негізінде Ішкі бақылау жүйесін тестілеу әдістемесінің жобасы әзірленді;

- Жобаны іске асыру барысында негізгі ЕТҰ қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету Ережелеріне сәйкес қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жүйесін тестілеу Методикасының жобасы әзірленген;
- «Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-да ішкі бақылау және қызметтің үздіксіздігін басқару жүйелеріне сынама тестілеу өткізілді;
- есептік кезең ішінде Жоба қызметі аясында мерзімді түрде түсіндіру жұмыстары жүргізілді;
- Жобаның іске асырылу барысына тексеру жүргізілді (барып көру арқылы).